ТЕК
ИСА МӘСІХ
ҚҰТҚАРАДЫ

Өйткені Құдай дүниені сүйгені соншалық, Өзінің жалғыз Ұлын Оған сенетін әркім өлмей, мәңгілік өмірге ие болуы үшін берді. Жохан 3:16

Иса оған: «Мен жолмын, шындықпын және өмірмін, Мен болмасам, Әкеге ешкім келе алмайды», - деді. Жохан 14:6

Басқа ешкімде де құтқарылу жоқ: өйткені аспан астында адамдарға берілген басқа ешбір есім жоқ, ол арқылы біз құтқарыламыз.
Елшілердің істері 4:12

...Мәсіх Жазбаларға сәйкес біздің күнәларымыз үшін өлді; Оның жерленгені және Жазбаларға сәйкес үшінші күні қайта тірілгені:
1 Қорынттықтарға 15:3-4

Біз Оның қаны арқылы өтелуге ие болдық, Оның рақымының байлығының арқасында күнәларымыз кешірілді. Ефестіктерге 1:7

And the gospel must first be published among all nations. MARK 13:10

БІЗ ТОЛЫҚ ТҮСІНУІМІЗ КЕРЕК ТӨРТ ШЫНДЫҚ БАР:

1 ҚҰДАЙ СІЗДІ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ.

ҚҰДАЙ СЕНІҢ КӨКТЕ ӨЗІМЕН БІРГЕ МӘҢГІЛІК ӨМІР СҮРГЕНІҢДІ ҚАЛАЙДЫ.
Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады. **ЖОХАН 3:16**
ҚҰДАЙ СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДІҢ МӘНДІ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙДЫ.
Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім. **ЖОХАН 10:10**

ДЕГЕНМЕН, КӨП АДАМДАР ӨМІРДІҢ МӘНДІЛІГІН СЕЗІНБЕЙДІ ЖӘНЕ МӘҢГІЛІК ӨМІРГЕ СЕНІМСІЗ, ӨЙТКЕНІ...

2 АДАМ ТАБИҒАТЫНАН КҮНӘКАР. ДЕМЕК, ОЛ ҚҰДАЙДАН БӨЛІНГЕН.

бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды. **РИМДІКТЕРГЕ 3:23**

Күнәнің беретіні — (мәңгілік) өлім... **РИМДІКТЕРГЕ 6:23**

• ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛІМ
Құдай адамның бір рет өліп, содан соң қиямет сотының алдында тұратынын белгілеген. **ЕВРЕЙЛЕРГЕ 9:27**
• РУХАНИ ӨЛІМ НЕМЕСЕ ҚҰДАЙДАН МӘҢГІЛІК АЖЫРАУ
Алайда қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер және бүкіл өтірікшілердің алатын үлестері күкірт жанып тұрған отты көлде болмақ. Бұл — «екінші өлім». **АЯН 21:8**

ЕГЕР АДАМ КҮНӘСІ ҮШІН ҚҰДАЙДАН АЙЫРЫЛСА, БҰЛ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ҚАНДАЙ?
БІЗ КӨБІНЕСЕ ОЛАРДЫ ШЕШІМДЕР РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАМЫЗ: ДІН, ІЗГІ АМАЛ, ИМАНДЫЛЫҚ
АЛАЙДА, ҚҰДАЙ БЕРГЕН БІР ҒАНА ШЕШІМ БАР.

3 ИСА МӘСІХ – КӨККЕ АПАРАТЫН ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ.

БҰЛ ҚҰДАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ.
Иса оған: — Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды. **ЖОХАН 14:6**
ИСА МӘСІХ СІЗДІҢ КҮНӘЛАРЫҢЫЗДЫҢ ЖАЗАСЫН ТОЛЫҒЫМЕН ТӨЛЕДІ.
Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола құрбан болды. Сонда Мәсіх тәнінде өлтірілді, ал рухани денемен қайта тірілді. **1 ПЕТІРДІҢ 3:18**
ҚҰДАЙДЫҢ МӘҢГІЛІК ӨМІР ТУРАЛЫ УӘДЕСІ БАР.
Құдайдың рухани Ұлына сенушілер мәңгілік өмірге ие.
Ал Оны тыңдамағандар шынайы өмірді көрмей, Құдайдың төніп тұрған қаһарына ұшырайды. **ЖОХАН 3:36**
АЛАЙДА ИСА МӘСІХТІҢ БІЗ ҮШІН НЕ ІСТЕГЕНІН БІЛУ ЖЕТКІЛІКСІЗ.

4 ҚҰТҚАРЫЛУЫМЫЗ ҮШІН БІЗ ИЕМІЗ ИСА МӘСІХКЕ СЕНУІМІЗ КЕРЕК.

БІЗДІҢ ҚҰТҚАРЫЛУЫМЫЗ ИСА МӘСІХКЕ СЕНУ АРҚЫЛЫ ҚҰДАЙДЫҢ РАҚЫМЫНЫҢ АРҚАСЫНДА МҮМКІН БОЛДЫ.
Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый. Сондықтан игі істерімнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын. **ЕФЕСТІКТЕРГЕ 2:8-9**

СЕНІММЕН ҚҰДАЙҒА МЫНА ДҰҒАНЫ АЙТ:

ИЕМ ИСА, МАҒАН ДЕГЕН ЗОР СҮЙІСПЕНШІЛІГІҢІЗ ҮШІН КӨП РАХМЕТ. МЕН КҮНӘКАР ЕКЕНІМДІ МОЙЫНДАЙМЫН ЖӘНЕ КЕШІРІМ СҰРАЙМЫН. МЕНІҢ КҮНӘЛАРЫМНЫҢ ЖАЗАСЫН ӨТЕУ ҮШІН АЙҚЫШТА ӨЛГЕНІҢІЗ ҮШІН РАХМЕТ. МЕН СЕНЕМІН, СЕНІҢ ӨЛГЕННЕН ҚАЙТА ТІРІЛДІҢ. БҰДАН БЫЛАЙ МЕН САҒАН ӨЗІМНІҢ ИЕМ ӘРІ ҚҰТҚАРУШЫМ РЕТІНДЕ СЕНЕМІН. МЕН СЕНІҢ МӘҢГІЛІК ӨМІР СЫЙЫҢДЫ ҚАБЫЛДАЙМЫН ЖӘНЕ ӨМІРІМДІ САҒАН ТАПСЫРАМЫН. ӨСИЕТТЕРІҢДІ ОРЫНДАУҒА ЖӘНЕ СЕНІҢ АЛДЫҢДА ҰНАМДЫ БОЛУҒА КӨМЕКТЕС. ӘУМИН.

ЕГЕР СІЗ ИСА МӘСІХКЕ СЕНСЕҢІЗ, СІЗБЕН КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙ БОЛДЫ:
• АЛЛА МЕНЕН МӘҢГІЛІК ӨМІРІҢ БАР.
Себебі Әкемнің еркі мынау: Өзінің рухани Ұлына назар аударып, сенім артқан барлық адамдарға мәңгілік өмір сыйлау. Мен соларды ақырғы күні қайта тірілтіп аламын. **ЖОХАН 6:40**
• БАРЛЫҚ КҮНӘЛАРЫҢ КЕШІРІЛДІ. (ӨТКЕН, ҚАЗІР, БОЛАШАҚ)
Құдай бізді қара түнектің билігінен құтқарып, сүйікті рухани Ұлы Иса Мәсіхтің Патшалығына енгізді. Оның құрбандық өлімі арқылы күнәларымыздың құны өтеліп, кешірімге ие болдық. **ҚОЛОСТЫҚТАРГА 1:13-14**
• СІЗ ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДА МҮЛДЕМ ЖАҢА ЖАРАТЫЛЫССЫЗ. БҰЛ СІЗДІҢ ЖАҢА ӨМІРІҢІЗДІҢ БАСТАМАСЫ.
Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды! **2 ҚОРЫНТТЫҚТАРГА 5:17**
• СЕН ЕНДІ ҚҰДАЙДЫҢ БАЛАСЫСЫҢ.
Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті. **ЖОХАН 1:12**

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ – ҚҰТҚАРЫЛУ ҚҰРАЛЫ ЕМЕС, ҚҰТҚАРЫЛУЫМЫЗДЫҢ ДӘЛЕЛІ.

Бұл Інжіл трактаты тегін. Сатылмайды.